

Иордан Хашимит Корольдігінің Премьер-Министрі Самир әл-Рифаидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 130-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Иордан Хашимит Корольдігі (бұдан әрі - Иордания) арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2010 жылғы 16-17 қыркүйек кезеңінде Астана қаласында Иорданияның Премьер-Министр Самир әл-Рифаидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2010 жылғы 16 - 17 қыркүйек кезеңінде Астана қаласында Иорданияның Премьер-Министр Самир әл-Рифаидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша қосымшаға сәйкес «1+10» форматы бойынша Иорданияның ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдасын, сапарды өткізуге арналған шығыстарды 2010 жылға арналған республикалық бюджетте 001 «Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету» және 003 «Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы» бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Иорданияның ресми делегациясы мүшелерінің Астана қаласының әуежайындағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін , жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Иордан Хашимит Корольдігінің Премьер-Министрі Самир әл-Рифаидің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайында қонуын ж ә н е о д а н ұ ш ы п ш ы ғ у ы н ;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан ресми түскі ас кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

7. Астана қаласының әкімдігі:

Иордания делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын орындауды, әуежайды және көшелерді безендіруді, сондай-ақ мәдени бағдарлама ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

2010 жылғы 16 қыркүйекте Иорданияның ресми делегациясы үшін бейресми кешкі ас ұйымдастырсын.

8. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында Иорданияның Премьер-Министрі Самир әл-Рифаиді қарсы алу және шығарып салу ресми рәсімдеріне қатыссын.

9. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (келісім бойынша) Иордания делегациясының мүшелеріне қатысты шекаралық бақылауды жедел тәртіппен («Бүркіт» бірыңғай ақпараттық жүйесіне суретке түсірусіз) ұйымдастырсын.

10. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес Иорданияның делегация мүшелеріне жедел кедендік бақылау мен кедендік ресімдеуді қамтамасыз етсін.

11. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2010

жылғы

10

қыркүйектегі

№

130 - ө

өкіміне

қосымша

Иордан Хашимит Корольдігі ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Иордания ресми делегациясының мүшелерін (1+10 форматы бойынша және Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін Астана қаласындағы қонақ үйде орналастыру.

2. Баспа өнімдерін (бейдждер, сапардың бағдарламалары, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

3. Иорданияның ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу кезінде Астана қаласының әуежайында шай дастарханын ұйымдастыру және гүлмен безендіру.

4. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Мәсімовтің Астана қаласында Иордан Хашимит Корольдігінің Премьер-Министрі Самир әл-Рифаидің құрметіне ресми қабылдаулар ұйымдастыру.

5. Делегация басшысы мен мүшелері үшін сыйлықтар мен кәдесыйлар сатып алу.

6. Іс-шаралар өткізілетін орындарды гүлмен безендіру.

7. Ресми делегация мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға көлікпен қызмет көрсету.

8. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.